

Прокуратура органдарының "тапсырмалар бойынша сомалар" бюджеттен тыс шоты туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 10 маусым N 943. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.08.28. N 1303 қаулысымен. ~P971303

"Қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2127 қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 10, 114-құжат) орындау үшін, прокуратура органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және олардың қызметін ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша прокуратура органдарының бюджеттен тыс "тапсырмалар бойынша сомалар" шотын ашсын.

2. Мемлекетке нақты зиянды өтеу және прокурорлық назар аударылған шаралар бойынша өндіріп алынған сомалардың 50 проценті мөлшеріндегі аударым шоттарының қаражатын қалыптастыру көзі болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы, Әділет министрлігі, Қаржы министрлігі бір ай мерзімде прокуратура органдарының "тапсырмалар бойынша сомалар" бюджеттен тыс шотының қаражатын қалыптастыру және пайдаланудың тәртібі туралы нұсқаулық әзірлесін және бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы прокуратура органдарының бюджеттен тыс "тапсырмалар бойынша сомалар" шотына түскен қаражатты жұмсауына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі